

Кімге: ҚР президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,
Ақтөбе облысы бойынша филиалына
Ергазиев Манас Жоламанұлы – Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық
округінің әкімі
Күні: 20.11.2024 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Ішкі туризмді дамыту

Кілт сөздер: туризм, туристік маршруттар, инфрақұрылым

Кіріспе

Қазіргі әлемде туризм аймақтардың дамуына және сол аймақтардың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін жетекші салалардың бірі болып табылады. Алайда, туристік саладағы тұрақтылыққа тек сарқылуы мүмкін табиғи және материалдық ресурстар арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Т

Ішкі туризмді дамыту — елдің экономикасы мен мәдениетін нығайтуға ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі. Қазақстанның кең байтақ жері, әртүрлі табиғаты мен тарихи ескерткіштері ішкі туризмді дамыту үшін зор мүмкіндіктер туғызады.

Негізгі бөлім (ситуацияны түбегейлі талдау немесе ағымдағы жағдай, қолданылатын зерттеу әдістері)

Мәселенің өзекті болуы

Қазақстан - әртүрлі көрікті жерлері мен бірегей табиғи ландшафттары бар тартымды туристік бағыт. Қазақстандағы белгілі туристік орындарға Алматы, Астана, Шарын каньоны, Алтай таулары және Балқаш көлі және әйгілі Көлсай көлдері жатады.

Соңғы жылдары Қазақстан өзінің туристік инфрақұрылымын белсенді дамытып, шетелдік туристерді тарту үшін іс-шаралар жүргізуде. Мысалы, еліміз Қазақстанның туристік көрікті жерлері мен мәдениетіне назар аудару үшін түрлі мәдени фестивальдар, спорттық іс-шаралар мен көрмелер өткізеді.

Жалпы, ішкі туризм – ішкі мәдени, табиғи және тарихи көрікті жерлерді зерттеу және оны дамыту. Ол экономиканың маңызды саласы болып табылады және ішкі туризмді дамытудың елдегі жаңа жұмыс орындары мен курорттық және мәдени орталықтарын ашу арқылы Көлік және бөлшек сауда саласына да дамып, жетілуіне де әсері мол.

Өкінішке қарай, өңірдің, тіпті еліміздің талай көрікті жерлері халықаралық туризм аймағына, отандық демалыс орталығына толық айналмай отыр. Ішкі туризмді дамытып, жандандырамыз десек те, бұл мәселе төңірегінде шешімін таппаған, тіпті ақсап жатқан іс аз емес.

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегендей, әсем табиғатымызды пайдалана алмай отырғанымыздың басты себебі – демалыс орындарын тұрақты табыс көзіне айналдыратын туризм саясаты әлі де дұрыс жолға қойылмаған.

Әлемде экономиканың 10 пайызы туризмге тиесілі. Бірақ, біз бұл көрсеткішке әлі жете алмадық. Себебі, сан алуан. Көрікті мекен көп болғанымен, қызмет көрсету сапасы нашар, бағасы қымбат, шұрық-тесік жолдармен жету қиын немесе жолдың ұзақтығы, кадр тапшылығы.

Жоғарыда аталған мәселенің ішіндегі ең бастысы – жолдың ұзақтығы. Тарихи-мәдени орындардың облыс, аудан, тіпті ең жақын деген елді мекендерден де алшақ орналасуы.

Ішкі туризмді дамытудың негізгі бағыттары

Туристік маршруттар мен гидтерді жылжыту

Қазақстанда табиғи көрікті жерлер жетерлік. Алайда, елдің әртүрлі аймақтарында туристік маршруттарды құру және белсенді түрде жылжыту баяулап тұр. Оны дамыту үшін бағдарлардың, көрікті жерлер мен қызметтердің толық сипаттамасы бар ақпараттық брошюраларды, веб-сайттарды және мобильді қосымшаларды әзірлеу маңызды.

Инфрақұрылымды дамыту

Екінші, туристерге әртүрлі аймақтар арасында саяхаттауды жеңілдету үшін жол инфрақұрылымын жақсарту керек. Қонақ үй және қонақжайлылық секторын, соның ішінде қонақ үйлерді, хостелдерді және қонақ үйлерді салу және дамытуды көбейту керек.

Жергілікті бизнесті қолдау

Одан кейін, жергілікті кәсіпкерлер үшін туристік бизнесті дамыту жолдары бойынша оқыту бағдарламалары мен семинарлар өткізуді көбейту керек. Сонымен қатар, туристік кәсіпорындарды ашуға қаржылық қолдау көрсету және жеңілдіктер беру маңызды.

Мәдени туризмді ілгерілету

Қазақстан табиғатқа да, пайдалы қазбаларға да, тарихқа да бай. Сондықтан қазақ мәдениетінің байлығын көрсету үшін мәдени шаралар, фестивальдар мен көрмелер ұйымдастыруды қолға алуда. Мұражайлар, археологиялық орындар және ұлттық саябақтар сияқты мәдени және тарихи орындарды қамтитын турларды жасау арқылы туризмге үлес қоса аламыз.

Білім беру бағдарламалары

Оқушылар мен студенттерге туризмнің ел экономикасы және табиғи ресурстарды сақтау үшін маңызы туралы білім беру бағдарламаларын жүргізіп, туристерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында гидтер мен аудармашылар үшін курстар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру керек.

Жарнамалық науқан

Ішкі туризмге назар аудару үшін республикалық деңгейде жарнамалық науқандар жүргізу маңызды. Бүгінде блогерлер,

белсенділер әр аймақтың көрікті жерлерін көріп, елге жариялап келеді. Елдің туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты тарату үшін әлеуметтік медиа, теледидар және басқа коммуникациялық арналар да өз үлесін қосуда.

Халықаралық тәжірибе

Әлемдік деңгейдегі ғалымдар зерттеулері көрсеткендей кедейшілікті болдырмаудың ең маңызды факторы халықты жұмыспен қамтамасыз ету. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат Кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура және жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды. Олардың ең негізгілері елдің инфрақұрылымын дамытуға және сол тұрғылықты мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға көмектеседі.

Қорытынды және ұсыныстар

Әлемдік тәжірибеде туризм саласы қызмет көрсету көлемі бойынша 4-ші, ал кіріс жағынан, тіпті, 3 орында. Туристердің барып-көруіне тұрарлық 2 мыңнан астам жеріміз бар. Алайда оларды тамашалайтын туристер әлі де сирек. Басты себеп - кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламаның біреуінде де туризм саласының тиісті деңгейде көрініс таппауы. Сондай-ақ бірінші кезекте, бұл мәселеге туристік бизнес пен халықтың көзқарасын өзгерту керек. Туристік салада бәсекелестіктің жоқтығы.

Ішкі туризмді дамыту еліміздің мәдениетін, табиғи байлықтарын танытуға, экономиканы көтеруге және жұмыс орындарын ашуға үлкен ықпал етеді. Бұл үшін инфрақұрылымдық өзгерістер, сапалы қызметтер және маркетингтік стратегиялар қажет. Сонымен қатар, халықтың туризмге деген қызығушылығын арттыру үшін ақпараттық және білім беру жұмыстарын үздіксіз жүргізу маңызды.

Қолданылған әдебиет және интернет сайттардың тізімі

1. «Жалын» журналы
2. adyrna.kz ұлттық порталы
3. egemen.kz порталы
4. Тлеубердинова, А. Т. Туризмді дамыту арқылы Ұлытау облысының экономикасын әртараптандыру / А. Т. Тлеубердинова, Д. М. Салауатова // Экономика: стратегия и практика. – 2023. – Vol. 18, No. 2. – P. 148-159. – DOI 10.51176/1997-9967-2023-2-148-159.